

"Станкомаш" мемлекеттік холдинг компаниясын қайта құру мәселелері

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1995 жылғы 26 қазандағы N 1382а

Реформаларды тереңдету және 1994-1995 жылдары экономиканы тұрақтандыру жөніндегі Үкіметтің іс-қимыл Бағдарламасына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитеті:

"Станкомаш" мемлекеттік холдинг компаниясына акционерлік қоғамдар акцияларының оған иеленуге, пайдалануға және басқаруға берілген мемлекеттік пакетін иелену, пайдалану және басқару құқын тоқтатсын;

акцияларының мемлекеттік пакеттері сатылуға жататын "Станкомаш" мемлекеттік холдинг компаниясының құрамынан шығарылған акционерлік қоғамдардың тізбесін айқындасын және оларды Қазақстан Республикасының Жекешелендіру жөніндегі мемлекеттік комитетіне берсін;

Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігімен бірлесіп "Станкомаш" мемлекеттік холдинг компаниясының борыштары мен міндеттемелері жөніндегі құқықтық мұрагерді айқындасын.

2. Мыналардың күші жойылған деп танылсын:

"Станкомаш" мемлекеттік компаниясын құру туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1993 жылғы 9 қыркүйектегі N 846 қаулысы Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1993 ж., N 36, 419-құжат/;

"Станкомаш" мемлекеттік холдинг компаниясының Президенті мен Байқаушы кеңесі туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1993 жылғы 4 қыркүйектегі N 789 қаулысы;

"Станкомаш" мемлекеттік холдинг компаниясы Байқаушы кеңесінің төрағасы туралы" 1993 жылғы 4 қазандағы N 985 қаулысы.

Қазақстан Республикасының
Премьер-министрі